

Құлманов С. Салалық сөздіктер жасау тәжірибесінен // Қазақстанның Педагогикалық ғылымдар академиясының «Хабаршысы». №1 (қаңтар-ақпан), 2018. –94-99-бб (ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу (цитирование) қоры мәліметтері бойынша журнал импакт-факторы 0,074).

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі
филол.ғ.к., доцент

САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Аңдатпа

Мақалада қазақ салалық терминологиясының қалыптасу кезеңдеріне қысқаша сипаттама беріліп, қазақ терминологиясының ғылыми іргетасының қалыптасуына әсер еткен факторлар аталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған салалық терминологиялық сөздік топтамасының ерекшеліктері төмендегіше топтап көрсетіледі:

- сөздік топтамасын әзірлеудің ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық негізінің кешенділігі;
- сөздік топтамасының сапалық және сандық жағынан жетілдірілуі;
- сөздік топтамасын құрастырушылардың біліктілік деңгейінің жоғарылығы;
- сөздік топтамасын құрастыруға алғаш рет тілші мамандардың қатысуы;
- сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру жұмыстарының нәтижелілігі;
- сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру мақсатында көпшілік талқысына салынуы;
- салалық терминдерді біріздендіру және «ұлттандыру» мақсатын басты назарда ұстау;
- сөздік топтамасының сараптамадан өткізілуі.

Тірек сөздер: терминология, терминография, салалық терминологиялық сөздіктер, біріздендіру

Терминология терминдерді зерттейтін ғылым саласы болса, **терминография** терминологиялық сөздіктердің түрін, құрылымын және т.б. жүйелеп қарастырады.

Терминология мен терминографияның да, соған сәйкес терминолог пен терминографтың да басты мақсаты – терминдерді реттеу, үйлестіру, қалыптастыру болып табылады.

Қазақ салалық терминологиясының қалыптасуын ғалымдар төрт кезеңге бөліп қарастырады. Алғашқы кезеңі ретінде әртүрлі салаларға қатысты терминдер кездесетін М. Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-түрк» сөздігі, «Қорқыт Ата» кітабы, «Кодикус Куманикус» сияқты еңбектерді айтуға болады /1/. Бұл кезеңде салалық және ұлттық ғылыми терминологияның негізі қаланды деп тұжырым жасауға болмаса да, түрлі ғылым салалары бойынша терминдердің қалыптаса бастады.

1910-1930 жылдары сала терминологиясын қалыптастыруда елеулі жұмыстар атқарылды. Мұны екінші кезең ретінде қарастыруға болады.

Бұл кезеңде А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұлұлы, Қ.Жәленұлы, Н.Қаратышқанов сияқты қазақ зиялыларының еңбектері жарық көріп, білім беру мен ғылымды қазақ тілінде қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-практикалық және әдістемелік негізі қаланды.

Бұл кезеңде қазақ салалық терминологиясының қалыптасуына ғылымның жеке салалары бойынша жазылған алғашқы төл оқулықтар, ғылыми еңбектер де тікелей әсер етті.

Сонымен қатар бұл кезеңде «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Қазақ» газеттерінде, «Айқап», «Жаңа мектеп» журналдарында қазақ тіліндегі терминдер жарияланып тұрды.

Қазақ тілінде термин жасаудың, шет тілдерінен термин қабылдаудың, яғни қазақ терминологиясын дамыту мен қалыптастырудың ұлттық қағидаттары айқындалды.

1930-1990 жылдарды үшінші кезең ретінде қарастыруға болады. Бұл уақытта қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары Кеңес үкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесі тарапынан күшпен өзгертіліп, терминологиялық жұмыстардың бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгіледі.

1930 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық партия мәжілісінде КСРО халықтары тілдерінде термин жасаудың негізгі ғылыми қағидаттары бекітіліп, терминология мәселелерін Жаңа әліпби комитеті қадағалайтын болды.

1933 жылы Қазақстанда да Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылып, өз жұмысын КСРО-ның тіл саясатына сәйкес жүргізе бастады.

1935 жылы мамыр айында өткен Бүкілқазақстандық мәдениет қызметкерлерінің съезінде профессор Қ. Жұбанов ұсынған қазақ терминологиясының жаңа қағидаттары бекітіліп, термин жасау, шет

тілдерінен термин қабылдау және терминдерді қазақ тілінде жазу мәселелері осы қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылатын болды. 30-жылдары Кеңес одағының тілдік саясаты негізінде жасалған аталмыш қағидаттар 90-жылдарға дейін басшылыққа алынды. Осы уақытта ғылым мен техниканың әртүрлі салалары бойынша көптеген терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Бірақ ғылыми терминологияның ұлттық сипатын арттырудан гөрі кеңес халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсат етілді.

Төртінші кезең еліміз тәуелсіздік алған жылдардан басталады. Мемлекеттік тіл саясаты қоғамдағы өткір мәселеге айналса, оның ішінде терминология мәселесіне тілші-ғалымдармен қатар салалық мамандар да белсене кірісті. Қазақ салалық терминологиясының бұл кезеңінде 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келген қағидаттарды өзгерту, жетілдіру көзделді. Академик Ә. Қайдар қазіргі қазақ терминологиясында басшылыққа алынып келе жатқан 11 қағидатты ұсынды.

Бұл кезеңдегі негізгі үрдіс – ғылым мен техниканың көптеген салаларында қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалану арқылы жаңа терминдер жасап, тілімізге орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған кейбір кірме терминдердің орнына қазақша баламалар ұсыну, термин қабылдауда қазақ тілінің фоно-морфологиялық заңдылығын ескеру болды. Біріншіден – ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасау, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдерінің терминдерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау; екіншіден – терминологияда етек алып отырған пуризмге жол бермей, осыған дейін қалыптасқан терминдерді бұрынғысынша қалдырып, шет тілдерінен термин қабылдауға шек қоймау қағидаттары басшылыққа алынды /2/.

Қазақ салалық терминологиясының бұл кезеңде дамуына ғылыми еңбектердің көптеп жазылуы, түрлі салаларға арналған терминологиялық сөздіктердің жарық көруі, сонымен қатар терминдерді бекітіп отыратын ұйымның – Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 маусымдағы № 744 қаулысымен құрылған «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының» құрылуы болды. «Мемлекеттік терминология комиссиясының» атауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 Қаулысымен «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы» болып өзгертіліп, оның құрамы, ережесі бекітілді.

Аталмыш комиссия 1971 жылдар бастап осы кезге дейін 20000-нан астам терминдердің баламасын бекітті.

Қазақ терминологиясының ғылыми іргетасының қалыптасуына қазіргі кезге дейін жарық көрген 15-тей монография мен зерттеу еңбектері, 10 аса оқулық пен оқу құралдары, 1000-нан аса ғылыми мақалалар, сондай-ақ қорғалған 4 докторлық, 40-тан астам кандидаттық диссертация тікелей негіз болды. Ал қазақ терминографиясындағы бүгінгі таңдағы әртүрлі терминологиялық сөздіктердің саны 250-ден асады.

Терминологиялық сөздіктердің арасында басшылыққа алынатыны – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған сөздік топтамалары болып табылады:

- **1999–2000 жылдары Қазақстан Республикасы** Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысымен «Рауан» баспасында елімізде тұңғыш рет **31 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер»** топтамасы жарық көрді. Сөздік топтамасы Германияның доктор-инженері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ.Құсайыновтың ғылыми жетекшілігімен дайындалды.

- **2012–2014 жылдары ҚБ «Педагогикалық ғылымдар академиясында»** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысымен «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында **30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік»** топтамасы жарық көрді. Бұл сөздік топтамасы да профессор А.Қ.Құсайыновтың ғылыми жетекшілігімен дайындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған бұл сөздік топтамасының ерекшеліктерін төмендегіше топтап көрсетуге болады:

1. Сөздік топтамасын әзірлеудің ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық негіздері.

1998-2000 жылдары әзірленген сөздік топтамасының әр томында 5 мыңдай салалық терминді қамтылды, оларды дайындауға 400-ден аса ғалымдар мен сала мамандары ат салысты. Бұл қоғам өмірінің барлық салаларындағы терминдерді қамтыған бірінші кешенді еңбек болды.

2012-2014 жылдары әзірленген сөздік топтамасының ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық негізін жетілдіру мақсатында профессор А.Құсайыновтың (ғылыми жетекші), ҚазақҰТУ профессоры Н.Сейітовтің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары Қ.Ж.Айдарбек, Б.С.Жонкешовтің авторлығымен «**Қазақша-орысша және орысша-қазақша (екі тілді) салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасын әзірлеу принциптерін (ұстанымдарын)**» әзірленді /3/.

Бұл сөздік топтамасы 1999–2000 әзірленген сөздік топтамасы негізінде дайындалып, осы уақытқа дейін жарық көрген басқа да салалық және жалпы терминологиялық сөздіктер, сондай-ақ терминологияға және тіл біліміне қатысты ғылыми еңбектер, оқулықтар мен әдістемелік құралдар кеңінен пайдаланылды.

2. Сөздік топтамасын құрастыруда қойылған мақсаттар

Бұл топтаманы әзірлеуде 1999-2000 дайындалып, жарық көрген сөздік топтамасын сараптамадан өткізіп өңдеу, әр томдағы терминдер санын 9

мыңға, тіпті 11-12 мыңға дейін жеткізіп, толықтыру, сонымен бірге халықаралық терминдерді жүйелеп, жарық көрген сөздіктерге енбей қалған және тілімізге жаңадан енген терминдерді барынша қамту мақсаты қойылды.

3. Сөздік топтамасын құрастырушылардың біліктілік деңгейі

Сөздік топтамасын әзірлеуге 52 мекемеде – жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, академияларда, министрліктер мен Парламентте, салалық мекемелерде қызмет ететін 144 ғылым докторы, 120 ғылым кандидаты, жалпы 350-дей ғалымдар мен сала мамандары қатысты.

4. Сөздік топтамасын құрастыруға тілші мамандардың қатысуы

Салалық терминология сөздіктер құрастырудың тарихында алғаш рет бұл сөздік топтамасын әзірлеуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары авторлық ұжым мүшелерімен бірлесе еңбек етті.

Салалық терминдер қалыптастыру алдымен сала мамандарының құзыреті болса, Тіл білімі институтының ғалымдары терминжасам талаптарының, қазақ тілінің төл заңдылықтарының сақталуын басты назарда ұстады.

5. Сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру

Авторлық ұжым мүшелері өз сөздіктерін әзірлегеннен кейін бір-біріне жақын салалар анықталып, топтастырылып, ортақ талқылау жұмыстары жүргізілді. Мұндай ортақ талқылауға бірнеше баламасы берілген терминдер, сондай-ақ авторлық ұжымдар бір шешімге келе алмаған терминдер де ұсынылып отырды. Мысалы, Физика және астрономия, Математика, Информатика және есептеуіш техника, Энергетика, Электроника, Радиотехника және байланыс сөздіктері (1741 термин), Химия, Биология, Медицина, Экология, Дене тәрбиесі және спорт сөздіктері (2114 термин), Тарих, Мәдениет және өнер, Философия және саясаттану, Педагогика және психология, Әдебиет және лингвистика сөздіктері (1656 термин) бірге талқыланды.

Жалпы, осындай отырыстарда 20000-ға жуық термин талқыланды. Талқылаулар Педагогикалық ғылымдар академиясы басқарма төрағасы бекіткен кесте бойынша қатаң тәртіпте жүргізілді. Әр талқылауға 20-30, кейбір отырыстарға 35-40 адам қатысты. Осынша терминді талқылауға шамамен 1000-нан аса сағат, яғни 10-11 ай уақыт жұмсалды.

Ұзақ жылдар бойы қазақ тілінде дәріс беріп, сала терминологиясын қалыптастырумен шұғылданып жүрген мамандар мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары біріге отырып, әр терминді жеке-жеке талқылағанда терминжасам мәселесінің ғылыми негіздері, сала терминдерін қалыптастыру жолдары, шетелдік терминдерді дұрыс аудару, көне сөздерді пайдалану тәсілдері, қазақ тілі заңдылықтарының сақталуы және т.б. көптеген мәселелер қарастырылды.

6. Сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру мақсатындағы көпшілікке арналған талқылаулар

Терминком мәжілісінде дайындалған сөздіктерді халықтың талқысына кеңінен салу мақсатында 30 томдық сөздік Педагогикалық ғылымдар академиясының сайтына орналастырылды. Ол туралы «Егемен Қазақстан» және «Ана тілі» газеттеріне арнайы хабарлама берілді.

2012-2014 жылдары «Ана тілі» газетінде «Оқырманмен ойласу» атты айдармен «Терминжасам: Ұсыныс. Пікір» деген тақырыпта 2500-нан астам термин, сонымен бірге 1000-ға жуық термин Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайтындағы «Терминдер» айдарында жарияланды. Тілге жанашыр жандардың талқылауға ұсынылған терминдерге қатысты пікірлері ескерілді.

7. Салалық терминдерді барынша біріздендіру және «ұлттандыру» мақсаты

Бұл сөздік топтамасының бұрын әзірленген сөздіктерден ерекшелігі – қазақ ұлтына ғана тән, салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге қатысты, өзге тілдерде ұшырыспайтын, ал аударма-нұсқалары қазақ тіліндегі түсінігін дәлме-дәл бере алмайтын терминдер енгізіліп, орыс тіліндегі нұсқасы кирилл қарпімен транслитерацияланып берілді. Мысалы, «бесті қымыз», «езген құрт», «жаппа нан», «майқуырдақ», «айналайын», «жігіттік», «жеңгетайлық», «сүйінші», «бас табақ», «құда табақ», «күйеу табақ», «жоралғы», «бәйге қамшы», «білеу қамшы», «қара шаңырақ», «түндік», «ақтау», «күбі», «ақсақал», «әмеңгер» және т.б.

8. Сөздік топтамасын сараптамадан өткізу

Әзірленген сөздік топтамасының сапасын арттыруға Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссия мүшелері мол үлес қосты. Әр сөздік Терминкомның алдын ала анықталған бір мүшесіне тапсырылып, терминком мүшелері сөздіктерді мұқият қарап, мыңдаған терминдерге қатысты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Барлық ұсыныс-пікірлер бойынша авторлар ол кісілермен ақылдаса отырып, тиянақты жұмыс жүргізді.

Латын әліпбиін қоғамдық қолданысқа енгізуде осы әліпбимен жазылған терминологиялық сөздіктер ерекше рөл атқаратын болады. Себебі сөздіктер – тілдің күретамырының бірі, қоғам дұрыс сөйлеп, дұрыс жазу үшін аса қажетті құрал. Осы мәселені ескере отырып, жүздеген ғалымдар мен сала мамандары бірлесе отырып әзірлеген 30 томдық **«Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» топтамасының** негізінде жаңа сөздік топтамасын дайындау қажет деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай» баспасы, 2013. –400 бет.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. –Алматы: «Сардар», 2014. –928+16 жапсырма бет.

3. Асқарбек Құсайынов. ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА. // «Егемен қазақстан» газеті, №36 (28516), 26-ақпан, 2015 ж.